

## ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫС

**Шәди Арсен Нұрғалиұлы**

[arsen\\_shadi@mail.ru](mailto:arsen_shadi@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті  
Шығыстану кафедрасының 3 Курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.  
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к, профессор м.а. Ильясова З.С.

Қазір бәріміз ақпарат ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Яғни, мысалы осыдан жиырма жыл бұрын әлемде қандай да бір оқиға жер бетіне бірнеше сағатта тіпті бірнеше күнде тарайтын болса, қазіргі «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» соңғы технологиялар кез – келген ақпаратты жер бетіне санаулы секундтарда таратуға қауқарлы. Бүгінде әрқайсымыз үйде отырып – ақ, әлемнің кез келген түкпірінде не болып жатқанын біле алатын дәрежедеміз. Осы ретте сол ақпаратты халыққа тарататын ақпарат құралдарының мойнындағы жүк жеңіл емес. Журналистика түрлі бағыттағы басылымдар, радио және телебағдарламалар арқылы қоғамдағы көкейкесті мәселелерді қозғап, алуан түрлі аудиторияны әлеуметтік, саяси және арнаулы мағлұматтармен қамтамасыз етеді. Қоғамның дамуы, әлеуметтік, экономикалық және рухани мәселелер жөнінде мағлұмат беріп, жұртшылықтың қоғамдық пікірін қалыптастырады.

Наполеон Банопарт: "мен алты қатар әскерім емес, алты беттік газетім болғанын қалар едім" деген. Яғни, ақпарат құралы арқылы қалың бұқараға ықпал етудің қаншалықты маңызды екендігін, қоғамдық пікір тудырудағы таптырмас құрал екендігін түсіндіріп отыр.

Адамдар арасындағы кез-келген жанжал, негізінен, ақпараттық болып табылады. Адамдарға қандай да бір шешім қабылдау үшін ақпарат қажет. Бұл қақтығыстың оңтайлы әрекеттерін жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар ең мақсатты әрекетті бақылайды. Ақпарат - бұл адамды қалған әлемнен бөлетін, қызмет етудің қажетті ресурсы болып табылады. Ұзақ уақыт бойы оны шабуылдың және қорғаныстың нақты «ресурсы» ретінде бөлуге тырысты, бірақ ақпараттық соғыс әдіснамасы негіз ретінде пайдаланыла алатын теориялар енді ғана пайда бола бастады.

Ақпараттық соғыстарды зерттеулердің өзектілігі, осы жұмыстың формалары мен әдістерінің көпжақтылығы ғылыми және тәжірибелік тұрғыда бүгінгі күні әлемдегі әрбір мемлекет, ақпараттық және психологиялық соғыс операцияларына, мемлекеттік қарсылықтың тиімді жүйесін құру қажеттілігімен анықталады. Біздің уақытымызда көптеген мемлекеттер ақпараттық соғысты сыртқы саясатты жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде көретіндігі құпия емес.

Ақпараттық-психологиялық соғыс кез-келген елде немесе аймақта, үкімет пен әлеуметтік құрылымның барлық деңгейлерінде, түрлі үдерістерге қарқынды әсер ете алады.

Осы саладағы проблемалардың жиынтығы, осындай жүйені құрудың объективті қажеттілігі мен қазіргі қоғамның санасына айла-шарғы жасауға қарсы тұруының төмен дәрежесі арасындағы айырмашылыққа байланысты туындайды. Өйткені, азаматтардың жаппай сана-сезімінде қазіргі заманғы коммуникациялық – технологиялардың адам санасына жасырын ақпараттық және психологиялық әсер ету қауіпін түсіну әлі де толық қалыптаспаған. Әсіресе, егер оларды саяси мақсатта қолданса [1].

Біз қарастырып отырған аймақта да ақпараттық соғыс мәселесі өте өзекті. Барлығы «араб көктемінен» бастау алды. «Араб көктемі» - бүкіл араб әлемі бойынша болып өткен әлеуметтік наразылық толқыны. Негізгі талабы – саяси бостандық болды. Бұл, «Әл – Джазира» секілді кейбір ақпараттық арналардың саяси бағытын айқындап берді.

Сириядағы бүліктің басталуынан шамамен бір ай бұрын, Facebook әлеуметтік желісінде жаңа «Сирия революциясы – 2011» атты парақша ашылған болатын. Ол топ, елдің басшысы Башар Асадқа қарсы бағытталған үндеуге толы болды. Елде көтеріліс басталғаннан кейін ресми Дамаск Facebook әкімшілігін үгіт – насихат топтарын бұғаттамағаны үшін айыптады.

«Әл – Джазираның» ақпараттық саясаты, атап айтқанда Сирияға қарсы ақпараттық шабуылы проамерикандық сипатқа ие.

Осылайша, Сирияда болып жатқан оқиғалар «Әл - Джазирадан» және басқа да батыс телеарналарынан келіп жатқан (BBC «Арабик», «Франц 24», «Аль-Хурра») ақпараттық хабарлардың шеңберінде революция ретінде сипатталады.

«Әл - Джазира» арнасының мәлімдеуінше Сирия билігі, оппозицияның әрекетіне қарсы снайперлер мен танкілер пайдаланды және сонымен қоса Дамасктің кейбір аймақтарында су және электр қуатымен жабдықтау өшірілді.

Проамерикандық арналардың мәліметтері бойынша, 2011 жылдың жаз мезгілінде Сирия билігінің әскері қатарынан кеткен жауынгерлер біріге отырып әскер топтастырды. Сирия ұлттық кеңесінің берген ақпараты бойынша, Сириядағы қақтығыстарға шетелдік күштердің қатысы бар екендігі анықталды [2]. Сирия ұлттық кеңесінің басшысы Бурхан Галиунның сөзі бойынша, егер Сирия билігі тарапы оппозицияға қарсы күш қолдануын тоқтатпаса, Сирия оппозициясы басқа да араб мемлекеттерінің көмегіне жүгінеді.

Ал енді Сирияның «Әл - Икбария» арнасының мәлімдеуінше, Сирияда шеттен қаржыландырылған және қуатталған терроризмнің кесірінен, азаматтық соғыс болуда. Телеарна сонымен қоса BBC «Арабик», «Франц 24», «Альхор» арналарының берген, сириялық әскер қатарынан жауынгерлердің кеткендігі жөніндегі ақпаратты жоққа шығарды.

Сириялық арналардың берген мәліметтері бойынша, 2011 жылдың 26 маусымынан бастап елде соғыс жүріп жатқандығын Сирия президенті Башар Асад ресми түрде жариялады. 2011 жылдың наурыз айының ортасынан бастап 15 000 адам қаза тапқан.

Осы орайда, ақпараттық соғыстағы шетел бұқаралық ақпарат құралдарының жетістігінің екі негізгі факторын бөлуімізге болады: белгілі бір нақты саяси және мәдени ортақтықпен байланыс және сол ортақтыққа деген халықаралық аудиторияның қызығушылығы. Бұл орайда «Әл – Джазира» өте керемет мысал. Себебі, әлемдік қауымдастық оны, араб әлемінің және мұсылман үмметінің ойын жеткізуші ретінде қабылдайды.

Қазіргі таңда араб әлемінің спутниктік хабар арналары, ақпарат тарату процессіне белсенді ат салысуда. Араб бұқаралық ақпарат құралдарының дамуының негізгі факторы ретінде, олардың АҚШ - қа, Ұлыбританияға, Францияға тәуелділігі болып табылады.

Көптеген араб елдерінде телеарналар ХХ ғасырдың 60 – жылдарында пайда болды. Сирияда тек 1970 жылдан, ал Палестина автономиясында тек 1994 жылдан бастап азаматтар теледидар экранынан ақпарат алу мүмкіндігіне ие болды.

Алғашқы кездерде барлық араб елдерінде бүкіл арналар, ақпараттық бағдарламалар мемлекеттің бақылауында болатын.

Бәсекелестік қатынастардың қарқынды дамуы нәтижесінде кейбір араб елдерінде өздерінің жеке спутниктері (мысалға, египеттік Nilesat 101) және ашық медиааймақтары пайда болды [3].

Атақты араб спутниктік арналардың бірі болып «Әл - Джазира» және «Әл – Арабия» болып табылады. «Әл - Джазира» арнасы 1996 жылы Катарда пайда болды.

«Әл – Арабия» арнасы 2003 жылы Дубайда ашылды және оның басты қаржыландырушы Сауд Арабиясы [4].

Таяу Шығыста спутниктік арналардың пайда болуы көптеген жаңа мүмкіндіктерді ашты. Мысалға, Таяу Шығыс мәселесі бойынша дебаттар жүргізе алу мүмкіндіктері, жаңа технологиялық шешімдер және т.с.с.

Араб спутниктік телеарналардың пайда болуы Катардың әмірі Хамад бин Халифа Әл - Танидің есімімен тығыз байланысты. Шейх Хамад ашық және тәуелсіз БАҚ – ты қолдады. Цензура жойылды. Катарда спутниктік арналар пайда бола бастады, қоғамдық ақпараттардың таралуы оңтайландырылды [5].

«Араб көктемі» көпшіліктің санасына әсер етудің жаңа тәсілі бар екендігін айқын көрсетті. Халықтың ақпараттық соғысқа ат салысуы, оқиға ошағынан алшақта тұрып – ақ, қарсылық ойын білдіре алу мүмкіндіктерін берді.

Зерттеу көрсеткендей, бұқаралық ақпарат құралдары адам мен қоғамның өмірінде үлкен орынға ие. Теледидар, радио, баспа, Интернет, адамның ішкі әлемін қалыптастыратын ақпараттың негізгі көздері болды. Егер бір ғасыр бұрын адамның ішкі әлемі өзінің жеке қарым-қатынасы, кәсіптік қызметі және саяхаты негізінде қалыптасса, бүгінгі күні планетаның басқа жағынан жаңалықтар алу үшін өте белсенді адам болудың қажеті жоқ, адамдармен араласу үшін үйден шығудың қажеті жоқ.

Және, соған қарамастан, қоғамды БАҚ-тың айла-шарғысынан қорғауға болады. ХХІ ғасыр ақпараттық дәуір. Сол үшін кез-келген ақпаратты қабылдау үшін психологиялық тұрғыдан дайын болу қажет. Егер біз оны саналы түрде қабылдасақ, пассивті болмасақ, негізсіз нанымдарды қабылдамауға тырыссақ, естіген, көрген немесе оқыған нәрселерімізді саралай білсек біздің санамызды басқару қиын болмақ. Сол кезде қоғамдық пікір тікелей БАҚ арқылы емес, біздің жеке қатысуымызбен қалыптасады.

Қазіргі таңда біз қарастырып отырған Таяу Шығыс аймағын алсақ, осындай ақпараттық түрде адамдардың сана – сезіміне әсер ету факторлары тіркеліп отыр. Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде бұндай жайттардың орын алуы тез дамып келеді. Саяси шешімдер қабылдаудағы қоғамның рөлі де сонымен ілесе артуда. Бүгін қоғамдық дипломатия әртүрлі қақтығыстарды үнемі қадағалайды, олардың біреуі Сириядағы азаматтық соғыс. БАҚ, Интернет, әлеуметтік желілер және басқа да құралдар күнделікті оқиғаларды айқындау және түрлі елдердегі адамдар арасында қажетті пікір қалыптастыру үшін пайдаланылады. Оқиғалардың себептерін екі жақты да талқылауға болады - ішкі және сыртқы факторлар [6].

Ішкі факторларға демократияның әлсіздігін, экономикалық қиыншылықтарды, саяси жүйенің бірқалыптылығын жатқызуға болады. Себебі, Асад әулеті Сирияны 40 жылдан бері басқарып келеді. Сонымен қоса сириялықтардың діни көзқарастарындағы айырмашылықтар да әсерін тигізді.

Сыртқы факторларға Сирияның Батыс елдерімен, Израильмен күрделі қарым-қатынастары жатады. Одан бөлек Парсы шығанағындағы монархиялармен де көп жағдай байланысты. Сирияның негізгі одақтастары қазір Иран, Қытай және Ресей. Әр мемлекеттің экономикалық, саяси тұрғыдан Сирияны қолдауының немесе оған қарсы болуының өзіндік себептері бар.

Халықаралық қоғамдастықтың Сирия мәселесі бойынша пікір тартысуы бүгінгі таңда үлкен белсенділікпен жүргізілуде. Көптеген бұқаралық ақпарат құралдары, Интернет, әлеуметтік желілер және басқа да құралдар нақтылы көзқарастарды қалыптастыру үшін ат салысып жатыр. Сириядағы азаматтық соғыстың өзекті мәселелері: қақтығыстың себептері, оқиғалардың нақты бағыты, шет мемлекеттердің рөлін бағалау, жаппай қырып-жою қаруын

қолдану және химиялық қаруды пайдалану, халықаралық келісімдер мен әлеуметтік-саяси көңіл-күйді бағалау секілді сұрақтар болып табылады [7].

Араб әлеміндегі, әсіресе Таяу Шығыстағы бұндай дағдарыстың негізгі себебі - панарабизм идеологиясын жою болып табылады. Әлемдік БАҚ өкілдері мәселені терроризммен, сүнниттік - шииттік қақтығыспен, Ислам фундаментализмімен байланыстырғысы келеді. Соңғы он жыл ішіндегі ақпараттар біздің тұжырымдарымыздың дұрыс екендігін нұсқайды. Ақпараттық тұрғыдан араб елдерінің арасына жік сала отырып, әлемдік алпауыт мемлекеттер оқиғаның нәтижесін күтуде. Бұл сөзімізге дәлел ретінде Катар БАҚ өкілдерінің Египет және Ирак қарулы күштеріне қарсы жасаған мәлімдемелері. Египет қарулы күштерінің оперативті комитетінің бұрынғы төрағасы Абдель Монейма ас - Саиданың айтуынша, билікке қарсы көтеріліс болған жағдайда, ол халықпен бірге болады. Генералдың бұл сөздері 2016 жылдың 24 қаңтарында, катарлық баспаларда “оппозициялық наразылықтар акциясы” мақаласы жарық көргеннен кейін пайда болды.

Осы принцип бойынша катарлық “Sasapost” баспасында 2015 жылдың 30 мамыр күні “Ирак әскері: аймақтағы мықты әскери күштің күйреуі” атты аналитикалық мақаласын жария етті. Ирак әскерінің әлсіреуінің негізгі себебі ретінде сүнниттік офицерлердің қызметтен босап қалуы; әскер арасындағы жемқорлық; 2014 жылы шииттік азат ету топтарының пайда болуы; ирактық аренадағы ирано - американдық геосаяси қақтығыс деп көрсетілген [8].

Катарлық “Sasapost” баспасының мәлімдемесіне сүйенсек, ДАИШ террористік ұйымын да құрған ирак офицерлері. БАҚ құралдары барынша сүнниттік - шииттік қақтығысты аймақтағы дағдарыстың басты себебі ретінде көрсетуге тырысып жатыр.

2016 жылы 24 қаңтарда Ирак пен Сауд Арабиясының арасында кикілжің туындады. Ол түсініспеушіліктің басты себепкері Сауд Арабиясының ресми Бағдадтағы елшісі Тамер ас - Сабхан болды. Ол 23 қаңтарда араб телеарнасына берген сұхбатында елдегі шииттік халық қозғалысы жөнінде өте теріс баға береді. Шииттік халық қозғалысының пресс - хатшысы Ахмад Сауд Арабиялық дипломатты “терроризмді қолдайтын елдің елшісі” деп атады. Өз пайымдауларымызға қатысты бірнеше аргументтер келтірсек:

- Ирак парламенттік партиясының жетекшілерінің бірі, парламент депутаты Мұхаммед әл - Қарбулидің айтуынша, американдықтар ирактық сүнниттік топтарды қаруландыруға ниетті екендіктерін білдірді.

- Араб - лондондық “Rai Alyoum” баспасының мәлімдеуінше Америка тарапы өзінің таяу шығыстық серіктестерінен қолдау тапса, ДАИШ - ты сүнниттік мемлекетпен алмастыруға даяр екендігін мәлімдейді.

- Сириядағы оппозициялық “Orient - news” баспасы 2016 жылдың 15 қаңтарында жарияланған “сүнниттер террорист емес” атты мақаласында Сирия жерінде исламисттік - террористтік ұйымдардың барын жоққа шығаруға тырысты. Баспа билікті “ағайынды мұсылмандарға” қарсы күш қолданды деп айыптады. Соның нәтижесінде қарулы көтеріліс басталды. Баспа террорист ретінде билік тарапын айыптауда.

- Көші - қон жөніндегі, сүннит фракциясының депутаты Роад ад - Дахлакидің мәлімдеуінше, Бабиль аймағындағы 100 мың сүнниттік отбасы аймақты ДАИШ - тан азат еткеннен кейін өз жерлеріне қайта орала алмай жатқандықтары жайында хабар берді. Ад - Дахлаки бұл мәселені прошииттік күштердің аймақтағы демографияны өзгертуге бағытталған әрекеті деп бағалады [9].

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Варганова Е.Л. Медиа-экономика в информационном обществе. — М.: Информационное общество, 2011.
2. Воронцова Л. В., Фролов Д. Б. «История и современность информационного противоборства». М.: Горячая линия - Телеком, 2006. – 192б.
3. Сайт портала ЖурДом. — URL: <http://jourdom.ru/news/12043>
4. El-Nawawy M., Iskandar A. 2003. Al-Jazeera: the Story of the Network that is Rattling Governments and Redefining Modern Journalism. Cambridge, MA: Westview.

5. Kraidy, Marwan M. "Arab Satellite Television Between Regionalization and Globalization". *Global Media Journal*. Vol 1, Issue 1, Fall, 2002. 1 December 2002. <<http://lass.calumet.purdue.edu/cca/gmj/SubmittedDocuments/Kraidy.htm>>.
6. Варганова Е.Л. 2011. Медиа – экономика в информационном обществе. М. – Информационное общество. 3-5б.
7. Петряев А.Б. Общая концепция управления защитой информации.// Вопросы защиты информации. – 2007, № 3-4.
8. Прокофьев В.Ф. Тайное оружие информационной войны. Воздействие на подсознание. – М: СИНТЕГ, 2003. – 430б.
9. Зви Боди, Алекс Кейн, Алан Дж. Маркус. Принципы инвестиций. Издательство: Вильямс ISBN 978-5-8459-1311-1, 0-0723-1859-7; 2008. – 756б.